

"Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 4 қыркүйектегі № 362 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 22 ақпандағы N 82 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Республикасының Заңына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 4 қыркүйектегі № 362 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 12 қазанда № 4967 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған 2008 ж., қаңтар, № 1, 301-құжат) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Осы бұйрық ішкі істер органдары жеке құрамының назарына жеткізілсін.

3. Ішкі істер министрлігінің Заң департаменті:

1) осы бұйрықты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінен алу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Баймағанбетов